

Біржолғы талондар құнының мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2009 жылғы 1 шілдедегі N 22-166-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы Әділет басқармасында 2009 жылғы 22 шілдеде N 14-7-82 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 12-64-V Шешімімен

Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2012.12.21 № 12-64-V Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36 бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабына сәйкес Мақтаарал аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар үшін біржолғы талондар құнының мөлшері 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Ескерту. 1, 2-тармақтардағы және 1, 2-қосымшалардағы "жеке тұлғалар" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар" деген сөздермен ауыстырылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2011.06.30 N 47-320-IV Шешімімен.

2. Базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондар құнының мөлшері 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы

Б. Серіков

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Ж. Әбдәзімов

Мақтаарал

аудандық

мәслихатының

2009

жылғы

1

шілдедегі

N 22-166-IV шешіміне 1 қосымша

Қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар үшін біржолғы талондар құнының мөлшері

Рет саны	Кәсіпкерлік қызметтің түрлері	Біржолғы талон құны (теңге)
1	Сату (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда):	
	1) газеттер мен журналдар	115
	2) тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материалдары (екпелер, көшет)	115
	3) бақша дақылдары	115
	4) саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдер	115
	5) қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшалық және саяжай учаскелерінің өнімдері	115
	6) жануарлар мен құстардың жемдері	115
	7) сыпыртқылар	115
	8) орман жидегі	115
	9) бал	115
	10) саңырауқұлақ	115
	11) балық	115
2	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметі	450
3	Үй жануарлары мен құстарын бағуды жүзеге асыратын қызметі	115

Мақтаарал аудандық мәслихатының
2009 жылғы 1 шілдедегі
N 22-166-IV шешіміне 2 қосымша

Базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондар құнының мөлшері

Рет саны	Сауда (тауар) түрі	Шартты сауда алаңы (шаршы метр)	Біржолғы талон құны (теңге)
	Базарларда тауарлар сату (базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда):		
	1) сүт және қышқыл сүт өнімдері	1,0	30
	2) құрғақ жемістер	3,0	150
	3) көкөніс және жемістер	3,0	115
	4) ет және ет өнімдері	2,0	150
	5) нан, тоқаш және кондитер тағамдары, салаттар	2,0	50

1	6) бал, балық	1,5	115	
	7) ұн, құмшекер, күріш және басқа да астық өнімдері (қаппен сату)	2,5	150	
	8) өнеркәсіптік тауарлармен араласқан азық-түлік тауарлары	3,0	115	
	9) бакша өнімдері	3,0	115	
	10) темекі (бөлшек сауда), насыбай	2,0	115	
	11) алкогольсіз сусындар	1,5	120	
	12) мата	3,0	180	
	13) кеңсе тауарлары	3,0	135	
	14) спорт бұйымдары, сағат, ойыншықтар	3,0	135	
	15) электротехникалық, шаруашылық тауарлар	4,0	180	
	16) киім-кешек	6,0	225	
	17) телерадиоаппаратура	6,0	225	
	18) аудио-видео касеталар	2,0	180	
	19) алтыннан және басқа да бағалы металдардан, асыл тастардан жасалған бұйымдар	2,0	225	
	20) жиһаздар, кілемдер	6,0	225	
	21) қолданылған тауарлар	2,0	70	
	22) жүк көліктер, тракторлар	18,0	450	
	23) жеңіл көліктер	12,0	450	
	24) мотороллер, мотоциклдер	2,5	200	
	25) автоқосалқы бөлшектер	5,0	180	
	26) құрылыс заттары (ағашты қоспағанда)	3,0	180	
	27) құрылыс ағаш	12,0	340	
	28) ірі қара мал	3,0	200	
	29) ұсақ мал	1,5	100	
	2	Базар аумағында жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар		150

Ескертпе. Нақты сауда алаңы артық болған жағдайда біржолғы талон құны артық алаңға сәйкес көбейтіледі.